

## Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй салуға 2007 жылға кредит берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 ақпандағы N 116 Қаулысы

"Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1338 Жарлығына, "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына, "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - қарыз алушылар) тиісті мәслихаттар облыстық, Астана және Алматы қалаларының 2007 жылға арналған бюджеттерінде тиісті түсімдерді, сондай-ақ "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысы 4-тармағының 18) тармақшасын орындауға байланысты бағдарлама бойынша шығыстарды көздейтін шешімдер қабылдағаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қаулының 1-тармағы орындалғаннан кейін "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 1204 қаулысының 21-қосымшасына сәйкес қарыз алушыларға кредиттік шарттар (бұдан әрі - шарттар) жасасу арқылы 23 800 000 000 (жиырма үш миллиард сегіз жүз миллион) теңге сомасына бюджеттік кредиттер (бұдан әрі - кредиттер) берсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.01. N 869 Қаулысымен.**

3. Қарыз алушыларға кредиттер берудің мынадай негізгі шарттары белгіленсін:

1) қарыз алушыларға кредиттер Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде тұрғын үй салуға 3 (үш) жыл мерзімге сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы

